

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 420 "2020-2022 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 қарашадағы № 560 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 қарашада № 7594 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 420 "2020-2022 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6708 тіркелген, 2020 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "40953,9" сандары "60101,9" сандарымен ауыстырылсын;
трансферттердің түсімдері - "38861,9" сандары "58009,9" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "40953,9" сандары "60101,9" сандарымен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі 3 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 31183 теңге;

2020 жылдың 1 сәуірінен бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 32668 теңге болып белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.";

орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

7 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Қауылжыр ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 11556,9 мың теңге;

мемлекеттік органның ағымдағы шығындарына – 12555,0 мың теңге;

елді мекендерді көркейтуге – 6593,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Қауылжыр ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Былқайыр

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 қарашадағы № 560 шешіміне қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 420 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
		Атауы		

			I. Кірістер	60101,9
1			Салықтық түсімдер	1785,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1785,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	53,0
		3	Жер салығы	46,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1686,0
2			Салықтық емес түсімдер	307,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	76,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	76,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	231,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	231,0
4			Трансферттердің түсімдері	58009,9
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	58009,9
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	58009,9
II. Шығындар				60101,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	37632,0
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	37632,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	37632,0
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	31869,0

			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5763,0
04				Білім беру	13266,9
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	13266,9
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13266,9
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	13266,9
07				Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	9203,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	9203,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9203,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	900,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	659,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7644,0
				III. Бюджет тапшылығы (профицит)	(0,0)
				IV. Бюджет тапшылығын	

				қаржыландыру (0,0 профицитті пайдалану)	
--	--	--	--	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК